

# Фармацевтикалық өнеркәсіп бойынша 2020 ж. қаңтар-шілдеге арналған дайджест




### Фармацевтикалық өнеркәсіп өндірісі көлемінің динамикасы, млрд теңге



#### Түсінік:


- Фармацевтикалық өнеркәсіп өндірісінің көлемі **2020 ж. қаңтар-шілдеде** 70,2 млрд. теңгені құрады (НКИ – 123,2%). Өсу отандық өндірушілердің ТМҚКК шеңберінде мемлекеттік сатып алуларға қатысуы нәтижесінде, сондай-ақ, бөлшек сауда нарығында сұраныстың артуына байланысты болды.
- Өңірлік кесінде отандық фармацевтикалық өндіріс көшбасшылары Шымкент қ. (31,5%), Алматы облысы (26,4%), Алматы қ. (21,1%) және Қарағанды облысы (14,4%).

### ҚР өңірлері бойынша 2020 ж. қаңтар-шілдедегі фармацевтикалық өнім өндірісі , млн. теңге




**Фармацевтикалық өнеркәсіп өнімінің негізгі түрлері  
өндірісінің 2020 ж. қаңтар-шілдеде 2019 ж. осы кезеңмен  
салыстырғандағы көлемі**



*Медицинада қолданылатын шприцтер өндірісі*



*Пенициллин немесе антибиотиктен тұратын дәрілер*



## САУДА ЖӘНЕ САТУ НАРЫҒЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ



## Экспорт

Фармацевтикалық өнеркәсіп өнімінің экспорты 2020 ж. қаңтар-маусымда 2019 ж. осы кезеңімен салыстырғанда 1,8% өсті және 27,7 млн АҚШ долл. құрады. Экспорт көлемінің сәл ғана өсуі COVID-19 таралуы нәтижесінде елдер арасындағы тауар айналымының төмендеуімен түсіндіріледі.

## Импорт

Фармацевтикалық өнеркәсіп өнімінің импорты 2020 ж. қаңтар-маусымда 709,1 млн АҚШ долл. құрады, бұл 2019 ж. көрсеткіштен 25,6% артық. Өсу компонент қоспаларынан тұратын ДЗ, аралас немесе аралас емес өнімдерден тұратын ДЗ есебінен болды.

### Фармацевтикалық өнеркәсіп өнімі негізгі түрлерінің 2020 ж. қаңтар-маусымдағы экспорт/импорт құрылымы

ТАУАР АТАУЫ	ЭКСПОРТ	ИМПОРТ
Жеке заттардан немесе зат қоспаларынан тұратын ДЗ	87,5%	52,5%
Ветеринарлық вакциналар	4,8%	1,6%
Антибиотиктерден тұратын ДЗ	2,4%	4,1%
Адам қаны; мал қаны	2,0%	12,8%
Пеницилиннен тұратын ДЗ	1,6%	1,7%
Алкалоидтан тұратын ДЗ	0,9%	2,8%
Аралас және аралас емес өнімдерден тұратын ДЗ	0,2%	2,1%
Дәрумендерден тұратын ДЗ	0,2%	2,2%
Санитарлық сөмкелер	0,1%	0,01%
Басқа	0,3%	20,2%
<b>Барлығы</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>

## САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ҚАЗАҚСТАН



### Қазақстанда ультрадыбыстық технология пайдаланумен маскалар шығара бастады



Qamqor Tech қазақстандық компаниясы Sonovia израиль компаниясымен бірге Нұр-Сұлтанда вирусқа және бактерияға қарсы «SONOMASK»

маска өндірісін іске қосты.

Маскаларды Назарбаев Университеті жанындағы Технопаркте патенттелген ультрадыбыстық технология бойынша шығарады. Шығарылатын маскалар бактериялардың 99,99% және вирустың 98,89% жоюға кепілдік береді, бұл әртүрлі ірі әлемдік зерттеу орталықтарының зертханалық зерттеулерімен расталады.

Сонымен қатар, маскалар ASTM F2299/F2299M EN14683, ISO 20743, ISO18184 халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Сондай-ақ, гуманитарлық көмек шеңберінде «Sonovia» Ltd израиль компаниясы COVID-19 күресіп жүрген дәрігерлерге қорғаныс маскаларын берді. Вирусқа қарсы маскалар Нұр-Сұлтан қ. Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратовтың қатысуымен Ұлттық ғылыми кардиохирургиялық орталыққа және 1 қалалық ауруханаға тапсырылды.

*Дереккөз: [pharmnews.kz](http://pharmnews.kz)*

### Қордай ауданында фармацевтикалық зауыт салынууда



Жамбыл облысында салынып жатқан фармацевтикалық зауытта коронавирус инфекциясына қарсы вакцина шығару жоспарлануда.

Ондағы құрылыс жұмыстарын ағымдағы жылдың аяғына дейін аяқтау жоспарланған. Бұнда халықаралық стандарт бойынша иммунобиологиялық дәрі-дәрмектер (GMP), сонымен қатар, Жамбыл облысындағы ҒЗИ ғалымдары коронавирус инфекциясына қарсы вакцина шығарады деп жоспарланған. Кәсіпорында пандемиялық грипп, туберкулез, бруцеллез, нодулдік дерматит, ұсақ мал обасы ауруы, қой мен ешкінің жқпалы эктимасы, қой шешегі, құтыру және басқа да инфекциялық ауруларға қарсы вакцина шығаратын болады. Жылына биофармацевтикалық препараттың 60 миллион мөлшеріне дейін өндіру жоспарлануда.

*Дереккөз: [harmnews.kz](http://harmnews.kz)*



## СААДАҒЫ ЖАҒАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ӘЛЕМ.



### Үндістан фармсаласындағы жаңа реттеуші саясат инновацияларды жылдам енгізуге мүмкіндік береді



Үндістан инновацияларды бекіту және жылжыту мақсатында фармацевтикалық салаға қатысты өзінің реттеуші саясатын қайта қарайды.

Қазіргі уақытта, елдің COVID-19 жағдайына байланысты емдеудің жаңа тәсілдері мен вакциналар әзірлеуге дайын екендігін ескере отырып, бұл қадам қажет емес процедуралық кедергілерді жойып қана қоймай, инновацияларды дамытуға ықпал ететін болады. 2020 жылғы мамырда Үндістандағы Жоғары сапа комитеті жаңа дәрілерді беіту процесін тездету үшін «бірыңғай терезе» жүйесін құруды ұсынды. Тиісінше, жаңа дәрілерді бекіту туралы, сондай-ақ, импорт пен өндіріс бойынша лицензия алу туралы өтінімдерді қатар беруге рұқсат етіледі. Сонымен қатар, Орталық дәрілік заттар стандарттарын бақылау ұйымы (CDSCO) енді барлық дәрілер мен вакциналардың клиникалық сынақтары бойынша алғашқы тіркеу пункті болады, бұл, мақұлдау мерзімін 12 айдан 3 айға дейін едәуір қысқартады. GlobalData үнді фармацевтикалық нарығы 2020 жылғы \$34,3 млрд-тан 2025 жылы \$45 млрд дейін өседі деп болжайды.

*Дереккөз: [gmpnews.ru](http://gmpnews.ru)*

### ЕЭО-да меджабдық саласында импорт алмастыру әлеуметтік бағдарлама бойынша шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді



Еуразиялық экономикалық комиссия (ЕЭК) өнеркәсіптік кооперация және импорт алмастыру шеңберінде өзара іс-қимыл құру процесінде өзара іс-қимыл

құру процесінде медициналық жабдық өндірісі бойынша Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің жетекші компанияларын қолдауға дайын. Импорт алмастыру бағдарламаларын іске асыру шеңберінде

ЕЭО-да медициналық жабдық және техникалық құралдар, атап айтқанда, кохлеарлы импланттар өндірісін дамыту әлеуметтік маңызды міндет болып табылады.

Нәтижесінде денсаулығы бойынша мүмкіндігі шектеулі жандар – тұтынушылар ұтады.

Одақ елдерінде бұл тауарларды өндіру азаматтарға жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету бойынша бағдарламаларды қаржыландыру шеңберінде ұлттық бюджет шығындарын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Сапар барысында тараптар ЕЭО-дағы кохлеарлы имплантация, есту терапиясы және профильді медициналық жабдық нарығының жағдайын, осындай жүйелер өндірісіне әлемдік тәжірибе енгізудің мүмкін жолдарын, сондай-ақ, Одақтың медициналық мекемелерінің ЕЭО медициналық өнімін емдеу мен диагностикалауда пайдалануға көшу перспективаларын талқылады.

*Дереккөз: [gmpnews.ru](http://gmpnews.ru)*